

Гуманитар пәндері әдістемелік бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының жылдық есеп талдауы

Амангелді орта мектебі шағын жинақталған мектепке жатады. Мектепте оқушы саны да, мұғалім саны да аз болғандықтан, гуманитарлық пәндер бірлестігіне тарих, құқық, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәні мұғалімдері осы әдістемелік бірлестікке жинақталған. Әдістемелік бірлестік гуманитарлық пәндер бойынша білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, ана тіліне тарихына құрметпен қарайтын тұлға тәрбиелеу мақсатында еңбектеніп келеді. Ана тілін, түп тарихын білу-әр азаматтың перзенттік борышы, ар-ождан талабы. Сонымен қатар әр халықтың тәуелсіз ел болып, еркін өмір сүруінің кепілі.

Оқушы санасын білім бұлағынаың кәусарына қандырып, өмір шырағданын жүрегіне жағып беретін-ұстаздар. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісінде ана тіліміз бен тарихымыздың, әдебиетіміздің алатын орны ерекше. Ана тілін толық меңгеріп, шет тілін әлемге ашылған терезе ретінде оқушыға түсіндіре білу үшін баянды қызмет ететін тіл мамандарына жүктелген жүктің салмағы түсіне білген ұстаз үшін жеңіл емес. Тіл мамандары мен тарих пәні мұғалімдері туған тарихын білу, тілдерді дамыту және оның аясын кеңейту мақсатында бірлесе жұмыс атқаруда. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестікте 7 мұғалім еңбек етеді, барлығы да жоғары білімді,

1 зерттеуші мұғалім, 2 сарапшы, 1 жас маман, 3 модератор мұғалім. Әдістемелік бірлестік жұмысы нәтижелі әрі күрделі. 2022-2023 оқу жылына 26 тамызда бірлестік жоспары мектеп даму жоспарына, мектеп мақсатына сай және 2021-2022 оқу жылы соңындағы міндеттемелерді негізге ала отырып құрылды. Алғашқы бірлестік отырысында 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаухатпен таныстырылып, нұсқаухатқа сай жұмыстар жоспарланды, аталып көрсетілген атаулы күндерге шаралар жоспарланды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, оқушы компоненті және мектеп компоненті жоспарлары қаралып, бекітілді. Оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында бастапқы бақылау жұмысы алынды. анықталған білімдегі олқылықтар бойынша тақырыптық қайталау жүргізілді. Жоспар бойынша кезекті 5 отырыс өтті. Әдістемелік отырыстарда мектепшілік алынған бақылаулардың қорытындысы, оқу шапшаңдығының қорытындысы, білім сапасының мониторингісі, сонымен бірге оқыту мен тәрбиелеуді іске асырудағы озық әдіс-тәсілдерді меңгертуге бағытталған тақырыптық баяндама, дебат, ойталқы секілді шаралар ұйымдастырылды. Мысалы: «Қазақ тілі сабақарында АКТ-ны қолдану», «Оқушымен кері байланыс орнатудың жолдары», «Оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнату», «Қалыптастырушы бағалауда қолданатын әдіс-тәсілдер» тақыптары қозғалып,

пікірлердің ашық алаңы ұйымдастырылды. Бірлестіктің кезектен тыс отырыстарында өткізілген шаралардың сапасы талданып, қорытындыланып отырды. Білім ордасында енгізілген «**Бірін-бірі оқыту арқылы оқыту мен оқуды жақсарту**» атты жоба аясында үлгерімі төмен білім алушыларды қолдау мақсатында «Мен Отаным» атты танымдық ойын әр тоқсан сайын және «Ең үздік тарихшы», «We know everything» атты шаралар өткізілді.

«Тіл – білімнің кілті» атты тіл мерекесіне байланысты байланысты онкүндік 5.09-16.09.2022 аралығында, «The Kindon of three languages» 21-25.11. аралығында, «Тарих ғасырлар куәсі» 19-23.12. аралығында өткізілді.



«**Бірін-бірі оқыту арқылы оқыту мен оқуды жақсарту**» тақырыбындағы облыстық семинар аясында аталған танымдық ойынның қорытындысы көрсетілді. Бірлестік жұмысы аясында 7 апталық жоспарланып өткізілді, апталық барысында, 7 аш 16-20 қаңтар аралығында “Enjoy English” атты ағылшын тілі апталығы өтті. Жауапты: **Есқалиева Айсана.**

16.01.2023 жоспарға сай “Enjoy English” апталығының ашылуы өтті. Оқушыларға апталықтың жоспары таныстырылды.

17.01.2023 “Interest in English” атты викториналық сайыс 5-6 сыныптар арасында өткізілді.

16.01.2023-20.01.2023 аралығында 2-6 сыныптар арасында “Buildings in London” (Лондондағы ғимараттар) атты суреттер көрмесі өткізілді. Оқушылар Лондонның танымал ғимараттарының суретін салды.

19.01.2023 “Music 2” тақырыбында 5 сыныпқа ашық сабақ өткізілді. Оқушылар ашық сабақта әр түрлі музыка аспаптарын ағылшын тілінде қазақша аудармасымен танысып, музыкалық аспап түрлеріне байланысты мәтін оқып, аударып, көптеген жаңа сөздерді үйренді.

20.01.2023 Қорытынды кеш. “Enjoy English” апталығының “Spelling Bee” атты орфографиялық сайыс өтті. Сайысқа 7-8 сыныптар қатыстырылды. “Spelling Bee” сайысында оқушыларға ағылшын тіліндегі сөздер беріліп, ол сөздерді әріптеп ретімен айтты. Ағылшын тілі апталығының соңғы қорытынды кешінде оқушылар дипломдармен марапатталды.

23-27 қаңтар аралығында «Қазақ тілі-қуатты, көркем тіл» атты қазақ тілі апталығы өткізілді. Жауапты: Жұмағалиева А. Апталық мақсаты оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін арттыру арқылы тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттыру болды. 23.01.23 «Әр сөздің түйіні бар...» атты шара кинометография әдісімен 10-11 сыныптар

арасында ұйымдастырылды. Бұл шарада оқушылар ана тілі, тәрбие, құндылық, ана тілін құрметтеу туралы бейнежазбаларды көріп талдап, ой қорытты.

24.01.23 7- сыныпқа «Қызықты қазақ тілі әлемі» атты грамматикалық сайыс өтті. **Шараның мақсаты:** 1. Оқушылардың білімдері мен біліктіліктері арқылы ой - өрістерін дамыту, 2. Ұшқырлық , ойлау қабілеттерін шыңдау 3. Шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Ауыз әдебиеті , шет тілі , өнер , халық педагогикасымен пәнаралық байланыс жасалды.



9-сыныпқа 25.01.23 «Алтын қақпа» теле-ойыны ата-аналардың қатысуымен өтті. 9-сыныптан 2 ата-ана қатысты. Бұл теле-ойында оқушылар сөздік қорын молайтты, ана тіліміздің қайнар бұлағы саналатын тұрақты тіркестердің мағынасын ашты, арасында ата-аналармен сергіту сәті өткізілді.



26.01.23 7-сыныпта « Ғаламтор және кітап» атты ашық сабақ өтті.

27.01.23 5-6-сыныптар арасында «Көңілді қоңырау» атты қоңыраудағы көңілді қоңырауға арналған ойындар өткізілді. Оқушылар бұл шараға қызыға қатысты.

6-10 ақпан аралығында «Люби, цени и знай русский язык» атты орыс тілі апталығы өтті. Жауапты: Кабылканова Л. Жұбатқанова Г. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен «Люби, цени и знай второй язык» атты апталық 06.02-10.02.2023 аралығында өтілді.

06.02 күні 6 сыныпқа «МИФ ОБ АТЛАНТИДЕ» атты ашық сабақ өтілді. Оқушылар белсене қаттысты.

7.02 күні 9-10-11 сынып оқушыларына «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?» интеллектуалдық сайс өтілді. Оқушылардың қатысымы 100 пайыз болды. Логикалық тапсырмалар болды. 11 сынып оқушылары 6 ұпаймен жеңіске жетті. 9.02 «Поле чудес» атты интеллектуалдық сайыс ата -ана мен бала арасында өтілді. 7-8 сынып оқушылары қатысты. 7 сыныптан 2 ата -ана, 8 сыныптан 3 ата -ана қатыса алды. Жеңімпаз 8 сынып оқушысы Құралұлы Серікбол мен анасы болды. Әр бір ойын сонында сыйлықтар берілді, марапатталды.

Оқушылар мен ата – аналары қуанып дән ризалықпен кетті, шара өте қызықты болды.



15-19 мамыр аралығында «Әдебиет-ардың ісі» атты әдебиет апталығы өтті.Жауапты: Ұлықпанов Қ.

Апталықта гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дарындылар додасы» атты сайыстың қорытынды кезеңі өтілді.Сайыс жоғары деңгейде өтті,нәтижесінде жоғары өнер көрсеткен топ жеңіске жетті.Бірінші орын алған оқушыларға 1000 теңгенің көлемінде қаржылай көрсетілді.

«Тіл жүйрік те ,кім жүйрік» атты 5-6 сыныптар аралығында сайыс өтті.Мақсаты оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білім деңгейлерін байқау болатын.Бұл сайысқа екі сыныптан екі топ 6-сыныптан «Қырандар»,5-сыныптан «Білгірлер» тобы қатысты.Сайыс алты кезеңнен тұрды. Нәтижесінде 6-сынып «Қырандар»тобы жеңіске жетті.Жеңіске жеткен оқушыларға Алғыс хат берілді,сонымен қатар оқушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді.

«Әдебиет әлемі» атты 5-6 сынып аралығында әдеби кеш өтті.Бұл сайыстың мақсаты әдебиетке еңбегі сіңген ұлы тұлғалардың өмірімен таныстырып,сұрақтарға жауап беріп,ақындардың өлеңдерінен үзінділер оқыды.

5-сыныпта Джек Лондонның «Мексика ұлы» атты ашық сабақ өттісабаққа бірлестік жетекшілері қатысты.

19.05.2023 жылы әдебиет апталығының қорытынды кеші ретінде «Ұлтқа үлгі – ұлағаты жанған шырақ» атты мәнерлеп жатқа айту сайысы өткен болатын.Мақсаты: танымал ұлы ақындардың өлеңдерін жатқа айту болатын,бұған 5-8 сыныптар қатысты.Барлық мәнерлеп оқыған оқушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді. Жоспарланған апталық шаралары өз дәрежесінде өтті.

Мектепте жүргізіліп жатқан «Бірін-бірі оқыту арқылы оқу мен оқытуды жақсарту» атты білім беру жобасы аясында «Менің Отаным» танымдық сайысы «Мен таныған әлем» тақырыбында өзгертіліп,облыстық семинар аясында өткізілді.Танымдық сайыстың қорытындысы жинақталып, жеңімпаз топқа 16000 теңге көлемінде мұғалімдер демеушілігімен ақшалай сыйлық берілді.Семинар барысында 6-сыныпта Р.Ғамзатовтың «Ана тілі» өлеңі бойынша зерттеу сабағын Ұлықпанов Қ. өткізді.



27 сәуірде «Ұлттық құндылықтар негізінде тарих пәнін оқыту» атты аудандық семинар тарих пәнінен өтті.Негізгі жауапы адам: Мамбетова Л. Семинарда 6-сыныпта «Жәңгір хан» тақырыбында

зерттеу сабағы өтіп, тарихи қойылым қойылды. Қарасу негізгі мектебінің мұғалімі Наубетов М. «Үздік тарихшы» атты сайыс, Жақсыбай негізгі мектебінің тарих пәні мұғалімі Тұрғалиева А. мұғалімдерге коучинг өткізді. Нәтижесінде педагог сарапшы мұғалім Мамабетова Л. Алғыс хатпен марапатталды.



«Қазақ тілі-қуатты тіл» 23-27.01 аралығында, «Люби,цени и знай русский язык» 6-10.02.23 аралығында, «Әдебиет-ардың ісі» 10-14.04 аралығында, «Welcome to the world English» 16-20.01 аралығында жоспарға сай өтті. Шаралар мазмұны сайыс, кеш, дөңгелек үстел, полиглот, қабырға газеті, презентация қорғау, поэзия кеші, грамматикалық турнир сияқты форматтарда ұйымдастырылды. Тарих апталығында тарихи оқиғалардан сахналық қойылым қойылды. Шара барысында өнерге қабілетті оқушылар бар екені анықталды. Бірлестік отырысында алдағы жарты жылдыққа оқушыларды сахналық қойылымдарға бейімдеу туралы ұсыныс айтылды. 5-6 сынып оқушылары арасында ғылыми жоба қорғау байқауы өтті. Жоба қорғаған оқушылар өз жұмыстарымен таныстыра отырып оқушыларды жоба қорғауға қызығушылығын оятты. Ағылшын пәнінен балаларға ағылшын тілінде кино көрсетілді. «Дарындылар додасы» интеллектуалды ойыны әр тоқсанда бір турдан өткізіліп отырылды. Мақсаты оқушыларды пәнге деген қызығушылығын ояту және сөздік қорларын көбейту болды. Пән мұғалімдерінің табанды еңбегі, ізденіс нәтижесінің қорытындысы есебінде төмендегідей жетістіктерді атап көрсетуге болады.

1. Орыс тілі пәні бойынша аудандық «Зерде» жобасына Сангереева М 7 сынып оқушысы Алғыс хатқа ие болды.
2. Тарих пәнінен аудандық «Яссауитану» білім байқауында Сангереева М. 3- орын
3. «Менің Кіші Отаным» жас тарихшылар арасында аудандық кезеңде Таңатова Б. III орын
4. «Менің туған өлкем символы» номинациясы бойынша Бітімбаева 1 орынмен марапатталып облысқа жолдама алды.
5. «Дебат» бойынша «Үздік спикер» марапатымен Таңатова Б грамотаға ие болды.

6. Аудандық деңгейде ұйымдастырылған «Білім беру ісінің үздігі» Гүлжамал Акқайдауқызының шығармашылық кешінде олимпиадаға қатысқан Асқарқызы Е - орынға ие болды.

7. «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы бойынша аудандық байқаудан Жайлауқызы А 1 орынға ие болып, облысқа жолдама алып 2 орын алды.

8. 5-6 сынып арасында кіші олимпиадада Ойылханова А. Алғыс хатқа ие болды.

Сонымен қатар педагогикалық олимпиадаға пән мұғалімдері қатысып жүлделі орынға ие болды.

Әдістемелік жұмыс барысы оқу жылы соңында талданып, жеткен жетістік пен кеткен олқылықтар туралы ашақ алаң ұйымдастырылып, төмендегідей міндеттемелер алынды.

1. **2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер:** Оқушылардың оқу техникасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жетілдіру.
2. Апталықтарда театрланған қойылымдар қоюды ұйымдастыру.
3. Сабақ үрдісінде білім беру платформаларын қолдану.

Бірлестік жетекшісі:  Кабылканова Л